

Жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің, жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлерінің, жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі N 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6223 болып енгізілді.

**Ескерту.** Орыс тіліндегі бұйрықтың атауына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтін өзгертілмейді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілсін:

- 1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің тізімі;
- 2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
- 3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес, жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми түрде жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Күрішбаев*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2010 жылғы 11 мамырдағы  
№ 258 бұйрығына 1-қосымша

**Жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің тізбелері**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 21.09.2022 № 620 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№	Жануарлардың түрлері
1. Сүт қоректілер	
1.1	Шұбар мысық немесе дала мысығы
1.2	Қарақас
2. Құстар:	
2.1	Кішкене, қара мойын, қызыл мойын, сұржақ, үлкен сұқсыр, үлкен сукүзғын, үлкен көлбұқа, бақылдақ құтан, көкқұтан және сары құтан
2.2	Үлкен аққұтан
2.3	Маусымқұс, қошқылқанат және алтынжон татрең, шүрілдек, шаушүрілдек, моңғол шүрілдегі, сарысағақ шүрілдек, шығыс шүрілдегі, теңіз шүрілдегі, алқалы татрең, тасшырған, сутартар, тартар, кішкене тартар, титтей тартар, қызылқасқа сутартар, дала қарақасы, қарала балшықшы, бұлыңғыр, фифи, үлкен балшықшы, шөпілдек, тәкілдек балшықшы, бұлақшы, мамырқұс, қайқытұмсық балшықшы, ақжал қалтқы, ақтамақ қалтқы, құмғақша, қызылмойын құмдауық, ұзынсаусақ құмдауық, аққұйрық құмдауық, қызылбауыр құмдауық, қаратөс құмдауық, сүйірқұйрық құмдауық, құмқұс, тұнбашы, шалғын және дала қарақасы, сақиналы түркептер, сарыжағал қараторғай, сарытұмсық шауқарға, қараторғай, пайыз торғай, қызылтелпекті құнақ, көкқарға, бозторғайлар (айдарлы, теңбілтөс, ұзынтұмсық, сұр, сор, дала бозторғайы, қараалқалы, аққанат, қара, құлақты), орман бозторғайы, егіс бозторғайы, шауторғай, қызылтұмсық шауқарға, алабажак сайрауық
2.4	Қаршыға
2.5	Қырғи, маубас жапалақ, байғыз, жүнбалақ байғыз, құлақты жапалақ, саз жапалағы, жамансары
3. Бауырымен жорғалаушылар::	
3.1	Орта Азия тасбақасы, саз тасбақасы
3.2	Ешкіемер, бат-бат кесіртке, жұмырбас құм кесіртке, сығыркөз
3.3	Бозша жылан
3.4	Өрнекті қарашұбар жылан, шығыс және құм жыланы
3.5	Көлбақа

4. Балықтар:	
4.1	Орыс бекіресі
4.2	Пілмай (арал және іле популяцияларынан басқасы)
4.3	Парсы бекіресі
4.4	Шоқыр
4.5	Қортпа
4.6	Құбылмалы бахта (микижа)
4.7	Шұбар дөңмаңдай
4.8	Ақ амур
4.9	Сазан (тұқы)
4.10	Ақ дөңмаңдай
4.11	Кәдімгі ақсаха
4.12	Шортан
4.13	Пайдабалық
4.14	Алтын түстес мөңке
4.15	Күміс түстес мөңке
4.16	Көкшұбар
4.17	Сүйрік
4.18	Маркакөл майқабы
4.19	Кәдімгі көксерке
4.20	Үлкенауызды буффало
4.21	Балқаш шармайы
4.22	Ніл тилапиясы
4.23	Канал жайыны
4.24	Гуппи
4.25	Миссисип гамбузиясы
5. Омыртқасыз су жануарлары:	
5.1	Артемия (жұмыртқалары)
5.2	Дафниялар
5.3	Сүліктер
5.4	Гаммарустар (бүйіржүзгіш шаян)
5.5	Хирономид дернәсілдері
5.6	Ұзынсауақты шаян (түркістандық түршесінен басқасы)
5.7	Креветка
5.8	Австралиялық шаян
5.9	Азқылтанды құрттар
5.10	Калифорниялық құрты
5.11	Энхитрей
5.12	Коловратка

**Жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлерінің тізбелері**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 21.09.2022 № 620 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жануарлардың түрлері
1.	Тынықмұхит миногоасы
2.	Сібір миногоасы
3.	Северцов талма балығы
4.	Тибет талма балығы
5.	Сұр талма балығы
6.	Теңбіл талма балығы
7.	Біртүсті талма балығы
8.	Кәдімгі гольян
9.	Жетісу гольяны
10.	Абдурахманов қарақшысы
11.	Бэр қарақшысы
12.	Қазақ қарақшысы
13.	Тікенекбасты қарақшы
14.	Түйіршікті қарақшы
15.	Гримм қарақшысы
16.	Кесслер қарақшысы
17.	Жіңішкебасты қарақшы
18.	Каспий (үлкенбасты) қарақшы
19.	Берг бұзаубасы
20.	Түркімен қарақшысы
21.	Берг қарақшысы
22.	Жұлдызша қарақшысы
23.	Жалпақтұмсықты қарақшысы
24.	Махмудбеев қарақшысы
25.	Тікенекті қарақшысы
26.	Световидов қарақшысы
27.	Сұр бұзаубас-балық
28.	Ильин бұзаубасы
29.	Терең бұзаубас балығы
30.	Хвалын бұзаубас балығы
31.	Каспий үлкенбас бұзаубас балығы
32.	Жұмыр бұзаубас балығы

33.	Терс талма балығы
34.	Кушакевич талма балығы
35.	Сібір талма балығы
36.	Мұртты талма балығы
37.	Сібір шырма балығы
38.	Кәдімгі шырма балығы
39.	Шұбар бұзаубас балығы
40.	Ратан бұзаубас балығы
41.	Балқаш гольяны
42.	Көл гольяны
43.	Кәдімгі тастасалағыш
44.	Ала қанатты тастасалағыш
45.	Жалаңаш тастасалағыш
46.	Сібір тастасалағышы
47.	Тікенекті тастасалағышы
48.	Зеравшан тарақ балығы
49.	Талас тарақ балығы
50.	Кәдімгі тарақ балығы
51.	Сібір теңге балығы
52.	Кәдімгі теңге балығы
53.	Жолақ үкі шабақтекес
54.	Ташкент үкі шабақтекес
55.	Алдыңғы азиялық шырма балығы
56.	Тоғыз тікенекті шаншар балығы
57.	Хвалын шырма балығы
58.	Каспий шырма балығы
59.	Кәдімгі бетшабақ
60.	Оңтүстік шаншар балығы
61.	Ұзынқұйрықты Книпович бұзаубас балығы
62.	Қуғыншы бұзаубас балығы
63.	Бубырь бұзаубас балығы
64.	Құмдауыт бұзаубас балығы
65.	Мыжырайған бұзаубас балығы
66.	Шырман бұзаубас балығы
67.	Каспиосома
68.	Тебен балығы
69.	Кәдімгі атерина
70.	Ақ қанатшалы теңге балығы
71.	Шырма балық
72.	Түрі белгісіз талма балығы
73.	Өзен жыланбалығы
74.	Медака

75.	Қытай элеотрисы
76.	Қытай бұзаубас балығы
77.	Сегізмұртты талма балығы
78.	Өзен абботтинасы
79.	Амур шабағы
80.	Теңбіл кекіре
81.	Амур кәдімгі кекіре
82.	Амур қара тыраны
83.	Ротан-элеотрисі
84.	Үкі шабақ
85.	Никольский шырма балығы
86.	Үш тікенекті шаншар балығы
87.	Үш-ерінді
88.	Ақ амур тыраны

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы  
 министрінің  
 2010 жылғы 11 мамырдағы  
 № 258 бұйрығына  
 3-қосымша

**Жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбесі**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№ р/с	Жануарлардың түрлері
1. Сүтқоректілер:	
1.1	Қасқыр
1.2	Шибөрі
1.3	Киік
2. Құстар:	
2.1	Қарға
2.2	Үлкен суқұзғын
3. Балықтар:	
3.1	Жыланбас (арал-сырдария популяциясынан басқасы )

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК